



Отбасы құндылығы – шаңырақ шаттығында

17 наурыз – «Шаңырақ» күніне орай, Қарағандыдағы «Достық» үйінде «Сарқылмас бұлақ» облыстық отбасылық ансамбльдер фестивалі өтті. Шараға облыстың қала, аудандарынан үлгілі отбасылар қатысып, өз өнерлерін ортаға салды. Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының орынбасары Ерлан Нілдібаев арнайы қатысып, «Алтын шаңырақ» иелерін құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекеге орай «Алтын шаңырақ» иелері, яғни, отасқандарына 50 жылдан асқан әулет шақырылды. Солардың бірі – қарағандылық Шалабаевтар отбасы. Қазықен Шалабаев жарымен отасқанына 55 жыл болыпты. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлгілі отбасы. Шөберенің қолынан су ішіп отырған бақытты жандар. Қазықен ақсақал көпшілікке өлең оқып, батасын берді.

Бұдан бөлек, отасқанына 51 жыл толған отбасы Оразбековтер де сахна төріне шақырылды. Төлеген ақсақал да шөбере көріп, өнегелі ұрпақ тәрбиелеп отырған жан. Жиылған қауым қос отбасыға құрмет көрсетті.

Шахтинск қаласынан келген Садуовтар отбасылық ансамблі «Шірік-ай», Осақаров ауданынан келген Атретхан отбасылық ансамблі «Ата жұртым – арманым» әнін орындап, көрермен қоспеметіне бөленді. Одан бөлек, Шет ауданының Ахметовтер отбасы арнайы әзірлеген көрінісін қойды.

Абай ауданынан Сергеевтер отбасы, Қарқаралының Егінбұлақ ауылынан Искеевтер отбасы, Сараннан Санахановтар отбасы, Қарағандыдан Хрусталевтер отбасы, Ақтоғай ауданынан Жақыповтар отбасы қатысып, өз өнерлерін ортаға салды.


Шара соңында «Алтын шаңырақ» иелеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды. Одан бөлек, кәсіпкер, меценат Айдос Ақшонтаев ұлағатты отбасыларға қысқа толқынды пеш және тұрмыстық техникаларды сыйға тартты.

Мерекелік шарада ән шырқалып, күй тартылды. Сахналық көрініс те қойылды.

• БӘРЕКЕЛДІ!

Тұлға шәкіртақысы иесін тапты

Дарындарды қолдау керек! Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің екі студентіне арнайы шәкіртақы тағайындалды. Демеушісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор, тұтас Түркі дүниесінің айтулы тұлғасы Дүйсен Қасейінов. Шәкіртақы күйші, композитор Сембек Айдосұлының атында.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл шәкіртақы күйші, композитор Сембек Айдосұлының атында болғаннан соң, домбырашыларға тағайындалды. Шәкіртақы екі студентке берілетін болады. Колледж ұстаздары болашағынан үміт күттіретін студенттерді іріктеп алған екен. Аға буынның қолдауына Камила Сағымбекқызы мен Нұрмұхамед Жақанов лайық деп танылды. Шәкіртақының куәлігі өнер колледжінде салтанатты түрде табысталды. Шараға Дүйсен Қасейінов арнайы келді. Сонымен қатар, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова мен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің директоры Талғат Ыдырысов та қатысты.

– Аға буынның үлкен миссиясы – сонымен ерген жас дарындарға қолдау көрсету. Күй – Ұлы Дала перзентінің қастерлейтін ұлы өнері. Сол өнерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күйшілерге көңіл бөлуіміз тиіс. Шәкіртақы арқылы біз оларға жігер беретініміз сөзсіз. Өз өнерін шыңдасын, қалыптасын. Сосын, ұлттық музыкасын шығартауына талмай еңбек етсін. Біздің көзгеіміз – осы. Шәкіртақыға ие болған студенттерді колледж ұстаздары ұсынды.

Ұстаздары ұсынса, тегін талапкерлер емес екені даусыз. Камила Сағымбекқызы мен Нұрмұхамед Жақановқа сенім артып отырмыз. Екі шәкірт келешекте күй өнерінің бір биігін бағындырып, сонымен із қалдырсын. Қазақ аспанында жұлдыздар жарқырасын! Қос құлыншаққа таудай талап пен бармақтай бақ тілейміз, – деді Дүйсен Қорабайұлы.

– Ұлттық өнерді ұлықтау, жаңғырту – әр өнерпаз үшін қасиетті борыш, – деп ағынан жарылған Нұрмұхамед Жақанов демеуші мен сенім білдірген ұстаздарына алғысын жеткізді.

– Осы білім ордасына келгеннен бері республикалық, аймақтық, қалалық күй байқауларына қатысып келемін. Ұстаздарымның әр сөзін санама тоқып жүрмін. Арманым – ұлттық өнерді жана белеске шығаратын өнерпаз болу. Артылған сенімді ақтауға барынша тырысамын. Дүйсен Қасейіновтің өзі қолдау көрсетіп жатыр. Бұл – біз үшін үлкен жетістік! Барша ұстаздарға да алғысым шексіз! – деді шәкіртақы иегері.

Куәліктер табысталғаннан кейін шәкіртақы иелері құрметті меймандарға күй шертіп берді. Колледж директоры Бауыржан Ермұханбетов Дүйсен Қасейіновке осы қолдауы үшін алғыс айтып, құрмет көрсетті.

Сурет автордан

• НАУРЫЗНАМА

Қоғамды біріктіреді

Наурызнама тұжырымдамасының оң әсерін қазір барлығымыз сезінудеміз. Бұл өзгерістерді ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда айтқандай, өзімізден бастауымыз керек. Отбасымыздан, өз үйіміздің тазалығынан бастау керек.

Бүгінде барлық мектептердегі оқушылар ұлтына, тіліне қарамастан, ұлттық киім киіп жүр. Қандай жарасымды! Ішкі мәдениеттен сыртқы мәдениет бастау алады. Бастысы – келісім мен татулық.

Наурыз түркі халықтарының тарихынан бастау алады. Бүгінде оның жаңаша форматы жаңғырып жатқанын көреміз. Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар Федерациясының Қарағанды облысы Кәсіподақ орталығы осы тұжырымдама аясында көптеген шараларды ұйымдастыруда. Мәселен, өткен сенбі күні 14 салалық кәсіподақ ұйымдарының мүшелері Чкаловский су қоймасына балық аулауға шықты. Оған Қазақстан Республикасы кәсіподақтар Федерациясы жариялаған 2024 жыл – «Лайықты еңбек жылы» аясында еңбек алдамдары арасында салауатты өмір салтын және белсенді ұжымдық демалысты насихаттау мақсатында облыс кәсіподақтарының бастауыш ұйымдары мен Қарағанды облысының салалық және жергілікті кәсіподақтарының аумақтық құрылымдары бастамашы болды. Әр учаскеде қатысушылар мен жанкүйерлерді жарыстың бас төрешісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қарағанды облысының Құрметті азаматы Валерий Громов бастаған төрешілер алқасы бақылап отырды. Осындай шаралар адамдарды жақындастыра түседі. Бұл жерде ортақ қызығушылық, ортақ мақсат пен мүдде бар. Жоғарыда айтқанындай, келісім мен татулық бөрінен маңызды. Наурыз мерекесі осы татулықты сақтауға, бірлікті насихаттауға, адами және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге сөзсіз ықпал етеді.

Татьяна ШАТОХИНА,
Қазақстан Республикасы
Кәсіподақтар Федерациясының
Қарағанды облысы Кәсіподақ орталығы
төрағасының орынбасары, «Қызмет»
салалық кәсіподағының Қарағанды
облыстық филиалының төрағасы

Ұлттық киім ұлықталған күн

Кеше аймақта Ұлттық киім күніне арналған бірқатар шаралар өтті. Оның бірі Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінде ұйымдастырылды. Оған Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің төрағасы Нәзипа Шанай арнайы келіп қатысты.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол қазақ халқы үшін ұлттық киімдерінің мәні мен маңызы қашанда жоғары екенін айтты.

– Адамзаттың алдында жаһандану жағдайында жоғалып кету қаупі бар. Әр ұлт жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін өзінің ұлттық болмысын сақтай білуі керек. Ұлттық киім – осы жолда маңызды фактор. Наурызға байланысты онкүндік тұжырымдаманы жазу жұмыс тобында болдым. Әр күнге қандай атау беру керек деп көп ойландық. Оның негізгі мақсаты – адамға рухани байлық беру. Рухани бай адам адаспайды, – деді Нәзипа Шанай.

Сонымен қатар, ол Наурыз мерекесі барша түркі елдеріне тән болғанымен, біздің елге жақынырақ екенін айтты.

– Наурыз – отбасылық мереке. Бақыт – отбасынан басталады. Отбасына мейірімділік төк, айналанды тазарт, қорғаушы ретте. Жаңаруды өзіңнен бастау керек. Осы уақытқа дейін кейінге ысырып келген істі атқару, танысқың келген адаммен танысу, ренжіп жүрген адамды кешіру, үлкен мақсат қою. Үлкен мақсатқа жету кішкентай қадамдардан басталады, – деп атап өтті.

Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын да жиналғандарда жүрекжарды лебізін білдірді.

– Ұлыстың ұлы күнінде табиғат анамыз жаңғырып, жасанады. Ғасырлар бойы сабақтастығын үзбей келе жатқан мерекенің мәні мен маңызы тереңде. Бұл адамдардың бір-бірімен ара-қатынасы, табиғатпен үндестікте тіршілік етуін меңзейді. Бұл күні алыстағы ағайын бір-бірімен қауышып, көріседі, араз жандар татуласады. Мемлекет басшының баста-

Университеттің сән театрының қойған сәукеле қойылымы ерекше әсер етті. Көпшілік назарына ұсынылған ұлттық бас киім түрін университет студенттері өздері дайындапты. Сонымен қатар, кимешек үлгісі де көрсетілді. Оны Ісмер



масымен Наурыз мерекесі жаңа форматта өтіп жатқанын бөріңіз білесіздер. Аман күнінен басталған мереке әлі жалғасын тауып келеді. Әр күннің астарында мән, үлкен мағына жатыр. Бұл ең алдымен ұлттық болмысымызды сақтауға, жаңғыртуға мүмкіндік береді. Барша ағайынды өз Наурызбен шын жүректен құттықтаймын. Еліміз аман, жұрттымыз тыныш, бауырымыз бүтін, іргеміз берік болсын!, – деді Ерлан Бейсембайұлы.

Жиналғандарды оқу орны басшылығы атынан университеттің әлеуметтік мәселелер бойынша проректоры Алмас Орынбеков те тілегін білдірді.

клубының және «Жәдігер» колөнершілер қауымдастығының төрағасы Перизат Қалиханқызы, облыстық мәслихат депутаты, «АМАНАТ» партиясы жанындағы Әйелдер қанатының кеңесшісі Зара Шалабаева, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасы, Қарағанды облысы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат комиссиясы төрағасының орынбасары Айжан Қиясова, облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының директоры Индира Қанафина, «Қазақ аналары дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестіктің Қарағанды



облысы бойынша филиалының төрайымы Меруерт Алимбаева, Қазақстан Республикасының «Қазтұтыну» гидтер қауымдастығының вице-президенті, Қарағанды облысы «Атамеке» кәсіпкерлерді қолдау палатасы жанындағы туризм кеңесінің төрағасы Жазира Жанкина, Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесінің мүшесі, Қарағанды облысы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшесі Марина Шиллер сынды белгілі іскер әйелдер киіп шықты.

Нәзипа Шанай Қазақстан халқы Ассамблеясы Аналар кеңесі төрағасының Алғыс хатымен жоғарыда аталған ханымдарды марапаттады.

– Алғаш рет Қазақстанда тойланып жатқан Ұлттық киім күні аясында беделді, қоғамда орны бар нәзік жандардың бас киімді насихаттауға қосқан үлесіне алғыс айтамын. Негізгі қазаққа қай киімді алса да, өзіндік мәні бар. Әйел адамның киімінің бөрі ерекше. Кимешек Орталық Қазақстанға тән, батыста, оңтүстікте басқа, шығыста өзгеше. Кимешекті бала-балдан кейін киеті. Оның тәрбиелік, гигиеналық мәні бар. Президентіміз Ұлттық құрылтайда жастардың арасында біздің ұлттымызға тән емес киім киініп жүргендер, оның ішінде қара түске тұмшаланып жүргендер бар екенін айтты. Олар ол киімнің шешкенде ұсынатын үлгіміз болуы керек. Аналар кеңесі алдында тұрған мақсат осы болатын. Ұлттық киімдерді барынша насихаттау, заманауи үлгіде, күнделікті киетіндей ету керек, – Нәзипа Ыдырысықызы.

Шара барысында белгілі әнші Гүлмира Серікқызы мейрамның ұранына айналған «Наурыз» әнін орындады. Қобызшы жас өрен Шахназе Ильясова әлем халықтары музыкасынан попури ұсынды. Университеттің театр үйірмесі қатысушылары да өз өнерлерін ортаға салды.

Сурет ұйымдастырушылардан

Құндылықтардың қайнар көзі

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасы әзірленді. Құндылықтардың қайнар көзі ретіндегі бұл мерекені жаңаша тойлаудағы басты мақсат – елімізде бейбітшілік пен келісімді нығайту, ортақ мәдени-рухани құндылықтар мен жалпыұлттық санын қалыптастыру. Наурыз он күн тойланады. Осы арқылы біз мәдениетімізді жаңаша дамытып, мерекені тойлаудың жаңа мән-мағынасын аша түспекпіз. Ал, Наурыз мейрамының тамыры тереңде. Оның жаңаша мән-мағынасын аша отырып, осыған дейінгі жиналған құндылықтарымызды дәріптейміз, өскелең ұрпаққа бере алатын еңбектің мәнін, еңбек адамын көрсетеміз.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде осы туралы айтты. «Аға буын жас ұрпаққа жол нұсқап, бағыт-бағдар беруі керек. Елімізде көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, білімді жастар көп» деген Мемлекет басшысы олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіруіміз қажет дегенді де айтты.

Кез келген адамның пікірі, еңбегі, шығармашылық және зияткерлік өніміне деген құрмет болуы керек. Ал, осының барлығы – бірліктің негізі болмақ. Бірлік өркеніетті өрі бейбіт елде тәрбиелеу үшін керек. Жас ұрпақ – біздің болашағымыз. Ол дегеніміз – түрлі мамандықтар, дағдылар, түрлі инновациялар, зияткерлік және тағы басқалары.

Осы орайда Наурызды тойлаудың әр күні болашаққа жол болмақ.

Вилен МОЛОТОВ-ЛУЧАНСКИЙ,
облыстық ҚХА
ғылыми-сараптамалық
тобының жетекшісі



Ауыл мен қала алшақтығы азаяды

Соңғы 10 жылда ауылдық елді мекендерді мемлекеттік қолдау есебінен ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған түрлі шаралар атқарылуда. Осы кезеңде Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының бірнеше кезеңдері, сондай-ақ, өзге де салалық бағдарламалар іске асырылды. Нәтижесінде, сумен жабдықтау, білім беру, денсаулық сақтау саласындағы қала мен ауыл алшақтығы қысқарып, көлік қатынасы да жолға қойылды. Одан бөлек, «Ауыл аманаты», «Ауыл – Ел бесігі» жобалары шеңберінде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Ал, ауылдық елді мекендерді дамытудың негізгі тәсілдері «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасында» белгіленген. Осы және өзге мәселелер туралы аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында мәлім болды.

Салтанат ІЛІНІШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, облыста 358 елді мекен бар десек, оның алтауы облыстық маңызы бар қала, екеуі – аудандық, сегізі – кент, 342-сі – ауылдық елді мекен. Жоғарыда айтқан тұжырымдаманы облыстық деңгейде іске асыру үшін облыстың ауылдық аумақтарын дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған Жол картасы әзірленіп, бекітілген.

Жол картасы бойынша ауыл халқының өмір сүру сапасын арттыру үшін 721 млрд. теңге қарастырылған. Барлығы 84 іс-шарадан тұратын жұмыстар қатарында агромеркәсіптік кешенді дамыту, ауыл шаруашылығы кооперациясы мен кәсіпкерлікті ынталандыру және қолдау, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы емес қызметті дамыту жолымен әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту бар.

Экономика басқармасының басшысы Татьяна Аблаеваның айтуынша, даму әлеуеті бар ауылдарды дамыту «Ауыл – Ел бесігі» жобасы, сондай-ақ, өзге бағдарламалар шеңберінде жүзеге асырылуда. Мәселен, 221 ауыл орталықтандырылған сумен жабдықталғандықтан, тапшылық көріп отырған жоқ. Жол мәселесі де шешімін тапты. 228 ауылдың кентшілік жолдары – қанағаттанарлық. Мәдениет нысандары, мектептер де жұмыс істеп тұр.

– Бүгінде облыс бойынша 94 ауылда денсаулық сақтау нысандары бар. Бұл қалған ауылдарда қызмет көрсетілмейді деген емес. Яғни, қызметтер жалға берілетін үй-жайларда көрсетіледі, – дейді басқарма басшысы.

Ауылдық жерлер спорт нысандарынан да құралақан емес. 295 ауылда спорт нысандары бар. Одан бөлек, 125 ауылда пошта байланысы бөлімшесі болса, 145 ауылда учаскелік полиция пункттері, 28 ауылда өртке қарсы қызмет бөлімшелері жұмыс істейді.

Татьяна Аблаева барлық қаржыландыру көздері есебінен 2023 жылы ауылдарды дамытуға 60,8 млрд. теңге бөлініп, 794 жоба

іске асырылғанын айтады. Ал, биыл 555 жобаны іске асыруға 68,8 млрд. теңге қарастырылған. Атап айтқанда, 129 әлеуметтік, 62 көліктік, 47 инженерлік инфрақұрылым, 21 қоғамдық және экологиялық қауіпсіздік жобаларын іске асыру жоспарлануда.

Татьяна Юрьевна білім саласына да тоқталды. Айтуынша, өңірлер арасындағы алшақтықты қысқарту мақсатында облыста екінші жыл қатарынан



Сурет аймақ әкімінен

ауыл мектептерін жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

– Биыл облыстың ауылдық елді мекендерінің 29 мектебінде жаңғырту жұмыстары жоспарлануда. Апатты мектептерді жою бойынша Қарқаралы ауданының Талды ауылында және Бұқар жырау ауданының Новостройка ауылында мектептер құрылысы жүргізілуде. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында биыл 1500 орындық 5 мектептің құрылысы аяқталады, – дейді Татьяна Аблаева.

Басқарма басшысы ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту үшін 2023 жылы 20 фельдшерлік-акушерлік пункт салынғанына да тоқталды. Әлбетте, жұмыстар мұнымен тоқталмақ емес. Биыл 78 медицина нысаны салынып, 12 ұйымда күрделі жөндеу жүргізіледі. Тіпті, жақын маңдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін медициналық қызметтер көрсетудің қолжетімділігін жақсарту үшін

Теміртау және Балқаш қалаларында ауданаралық орталық ауруханалар ашу жоспарда.

Ауылды сапалы сумен жабдықтау да жолға қойылған. Өткен жылы 342 шақырым су құбыры желілері салынып, қайта жаңартылуы ауылдарда сумен жабдықтау қызметтеріне қолжетімділікті 93,6%-ға арттыруға мүмкіндік берген.

Осы орайда Ермағанбет Қабылдаулы ауыл тұрғындарымен кездесу барысында сапалы ауызсумен қамту мәселесі жиі көтерілетініне тоқталды. Бұл туралы облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев айтып берді.

– Өткен жылы 342 шақырым су құбыры желілері салынып, қайта жаңартылды. Сәйкесінше, сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізу 93,6 пайызға жетті. Биыл да бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын тауып, көрсеткішті екі пайызға арттырамыз. Яғни, 96 пайызға жеткіземіз деген жеке

қойып отырмыз. 2025 жылға қарай ауыл тұрғындарын 100 пайыз ауызсумен қамтамасыз ету жоспарда, – дейді Тілектес Досаев.

Облыс басшысы жылуға қатысты мәселелерді шешу керектігін де айтты. Атап айтар болсақ, Осакаров ауданының Молодежный кентіндегі қазандық ескірген, жабдық тозған. Осыған байланысты, жылу беруде кедергілер болған.

Аудан әкімінің орынбасары Ержан Теміров жағдай бақылауда екенін айтады. Ал, құрылысқа мамыр айында кірісу жоспарда.

Ауылдық жерлердегі проблемалардың бірі – медицина кадрлардың жетіспеушілігі. Облыстың денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бибігүл Төлегенованың мәлімдеуінше, ауылдық жерлердің барлығы медициналық қызметпен қамтылған. 7 аудандық, 4 ауылдық аурухана, 60 дәрігерлік амбулатория, 47 фельдшерлік-акушерлік пункт, 143 медицина-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

лық пункт бар. Ауылдарда 361 дәрігер мен 1 500 орта медициналық қызметкер жұмыс істейді.

– Облыста кадр жетіспейді. Биыл медицина кадрларын тарту мақсатында барлық жоғары оқу орындарымен меморандумға отырдық. Одан бөлек, Қырғызстан Республикасына да шықтық. Бізде терапевтер жетіспейді. Сондықтан, кадр тарту мақсатында көтерме қаржыны 8 млн. теңгеге дейін ұлғайту көзделіп отыр. Бұл жақсы көмек болмақ, – деді Бибігүл Төлегенова.

Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильницкий өңірдегі жағдайға қатысты ақпарат берді. Айтуынша, 221 ауыл бүгінде интернет желісімен қамтылған. Ал, интернетке қосылмаған қалған ауылдарды да төрт жолдағы интернетке қосу үшін Beeline операторымен жұмыстар жүргізілуде. Ол үшін аудан әкімдерімен келіссөздер жалғасуда. Қарқаралы ауданы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Үздік тәжірибе дамуға жол ашады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев облыс орталығындағы емханаларды тексергеннен кейін қызмет көрсету сапасын жақсарту тәсілдерін ойластыруды мұқият тапсырды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысына облыстағы алғашқы үздік тәжірибелер орталығы көрсетілді. Ол өткен жылдың қараша айынан бастап, Қарағандының №3 емханасы жанында жұмыс істейді. Орталыққа Оңтүстік-Шығыс, Федоровка, Қирзавод және Мелькомбинаттың 55 мыңнан астам тұрғыны тіркелген.

Қабылдау, жайлы күту аймақтары, пациенттерді қолдау кабинеті, онда шағымдар мен туындайтын барлық мәселелер «Осында және қазір» қағидаты бойынша шешіледі. Бұл – орталықтың арқасында пайда болды.

– Негізгі мақсат – медициналық қолжетімділігін арттырып, емделушілерге ыңғайлы жағдай жасау. Жаңа жүйе науқасқа бағдарлануымен, көпсалалы тәсілмен ерекшеленеді. Осы арқылы шағымдар азайған. Бірінші қабатта, тіркеу орнының жанында пациенттерді қолдау қызметін орналастырдық. Осылайша, барлық мәселені бірден шешуге болады, – дейді №3 емхананың Ахуалдық орталығының басшысы Әсел Есенбаева.

Жаңа жобалардың бірі – «Алғашқы 5 минут пациенттер

көзімен». Бұл бастама кезекті болдырмауға, кері байланысты жақсартуға мүмкіндік береді.

Мұнда науқастардың әлеуметтік жағдайына ерекше назар аударылады. Өйткені, орталықтар отбасылық медицина ұстанымына бағытталған.

Халықтың медициналық сауаттылығын арттыру да – аса маңызды. Ол үшін дұрыс тамақтану, алғашқы медициналық көмек және басқа да үйрететін денсаулық мектептері ашылған.

Облыс әкімі патронаждық медбикелермен және әлеуметтік қызметкерлермен де сөйлесті. Олар өз жұмысының артықшылығы мен проблемасын айтты.

Аталған тәжірибе алғашқы медициналық-санитарлық көмекті реформалауға көмектеседі. Мұндай орталықтар облыстың барлық емханаларында енгізілуі тиіс екенін айта кеткен жөн.

– Мұны тезірек және барлық жерде жүзеге асыру керек. Денсаулық сақтау басқармасының басшылығына аймақтағы барлық қала мен ауданда озық тәжірибелер орталықтарын құруды тапсырамын, – деді Ермағанбет Қабылдаулы.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЖОБА

«Менің бауырым» бала құқығын қорғайды

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде «Менің бауырым» волонтерлік жобасын оқыту басталды. Волонтерлік жоба оқушылардың қолайлы ортада болуын көздейді әрі бала құқығын қорғауға жәрдемдеседі.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– «Менің бауырым» волонтерлік жобасы облыс мектептерінің оқушыларын қолдауға кең мүмкіндік ашуда. Еріктілер жоба аясында оқушыларға патриоттық және экологиялық тәрбие береді. Рухани-мәдени жобалар қосымша бағдарға, құқық бұзушылықтың алдын алуға үйретеді, – дейді Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің маманы Бекжан Қалменов.

Жоба сондай-ақ, қаржылық және шифрлық сауаттылықты үйретеді. Бұқаралық спортты және салауатты өмір салтын дамытып,

әлеуметтік тәжірибелерді іске асыру арқылы тануға, дамытуға және шығармашылыққа шабыттандырады.

Жоба еріктілері алдымен арнайы тренингтерден өтіп, мектептерде балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істеу жөнінде тәлім алады. Олардың жұмысы патриоттық және экологиялық тәрбие беру, жауапкершілікті арттыру, мектепшілік қарым-қатынастарды нығайтуға бағытталады. Эмоционалдық интеллектіні, IT сауаттылықты дамыту секілді маңызды бағыттарды қамтиды.

Сурет
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
баспасөз қызметінен

Ел көңілі неге алаң?

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев АМАНАТ партиясының қоғаммен жұмыс бөлмесінде тұрғындарды қабылдады. Сөзін екі сағатқа тұрғындар тарапынан түскен оннан астам мәселе мен ұсыныс талқыланды. Сауалдарына жауап беріп, ой-пікіріне құлақ түрді.

Қабылдауға ең белсенді жергілікті өзін-өзі басқару қауымдастықтарының өкілдері қатысты. Оңтүстік-Шығыс бойынша №2 медициналық-әлеуметтік мекемесінің төрағасы Николай Козинский «Степной» шағын ауданындағы тұрғын үйлердің ауласында көлік тұрағының жетіспеушілігі мәселесін ортаға салды.

Ал, аймақ басшысы жұртшылыққа қаланың инфрақұрылымдық даму жоспарын ұсынды. Жоба бойынша алдағы уақытта автотұрақтар аула ішінде емес, үйлердің периметрі бойынша сыртта жабдықтау жоспарланған.

– Тұрақ орындарының жетіспеушілігі – ортақ проблема. Аула-лар толы. Қабылдауда болашақта көлік тұрағына қатысты жобалар таныстым. Жолдар босатылып, жаяу жүргінші жолдары азаяды. Бұл Еуропаның үлгісі екен. Орынды бастама. Бірақ, тұрғын үйдің сыртында орын болмауы да мүм-



кін. Оны да естен шығармаған жөн. Бұл ұзақ мерзімді жоба болуы тиіс. Сонымен қатар, өз жобамызды іске асыруды күтеміз. Тұратын жерімізде тұрақ орнын белгіледік. Ол «Халық қатысаытын бюджет» бағдарламасымен іске асырылады, – деді Николай Козинский.

Әлихан Бөкейхан ауданы Пришахтинск бөлігіндегі №1 медици-

налық-әлеуметтік мекемесінің төрағасы Светлана Степанченко күннен-күнге ұлғайып келе жатқан құрылыс нысаны маңындағы құл-қоқыс үйіндісі-

не алаңдайды. Белсенді Курьяновка тарапындағы көгалдандыру жұмысына наразы екенін жеткізді. – Курьяновкада 23 мың жас ағаш отырғызуға уәде берілді. Бірақ, әзірге 4 мың ғана ағаш отырғызылды. Оның да жартысы құрап қалды. Ал, Пришахтинск маңына көшеттер әлі отырғызылған жоқ. Алайда, нысанның айналасындағы ағаштар өте қа-

жет. Сондай-ақ, ескі құл-қоқыс үйіндісін рекультивациялау қажет. Облыс әкімі біздің проблемаларымызды тыңдады. Бір айдың ішінде бізбен және экологтармен бірге құл-қоқыс үйіндісіне баруға уәде берді. Ауыл өмірінде өзгеріс болады деп үміттенеміз, – дейді Светлана Степанченко.

Бұдан бөлек жиында су тасқынына қарсы шараларды күшейту бойынша бірнеше ұсыныс қабылданды. Белсенді қала тұрғындары өртпен күресте пайдалану үшін арнайы нысандарда қарды мұздатып қоюды ұсынды.

Сонымен бірге, қабылдауға баламалы электр және жылу энергиясын өндіруге арналған инвестициялық жобаларды ұсынған өнертапқыш инженерлер де келді.

– Алдағы уақытта барлық жобаларды өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының қызметкерлері егжей-тегжейлі зерделейді. Аймақ тұрғындары шағымдарын айтумен шектелмей, адам өмірін жақсарту бағытындағы ұсыныстар жолдағаны бізді қуантты. Барлық сұрақтар, мәселелер мен ұсыныстар бақылауға алынды, – деді Ермағанбет Қабылдаулы.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• МЕРЕЙ

Аңыз балуан, нағыз бапкер

«Сайдың тасындай» деген сөз бар қазақта. Мықтының мықтысына ғана айтылатын теңеу бұл. Тау басынан құлаған тастар бір-біріне соғылып, үгітіліп, ұсақталып кетеді. Өзінің салмағы өзіне нәубет әкеледі осы сәтте. Ал, ішіндегі ең мықтысы ғана етектегі сайға сол қалпында түседі. Міне, сайдың тасы дегеніміз – осы. КСРО кезінде бұла күші, дара дарынымен ерекшеленген жүздеген балуанның ішінен жарқ етіп көзге түскен сайдың тасындай азаматтың бірі – Жұмабай Жандығұлов. Арқадан шығып, Алашқа танылған балуан бүгінде 60 жасқа толып отыр. Жастығының қайратын бозкілемде ел намысын асқақтату жолына арнаған спортшының есімі көзі қарақты жұртқа таныс. «Елдің азаматы» деп қадірлейді.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмабай Жандығұлов 1964 жылы 12 наурызда Ақтоғай ауданында өмірге келген. Спортқа бала кезінен үйір болады. Мектеп қабырғасында жүріп қатардағы ауыл баласы болып футболды да, волейболды да ойнаған. Шаңғыны да тепкен. Тіпті, бокспен де айналысқан. Бірақ, бойындағы күш-қайратты сезінген бозбала балуан болуға белді бекем буыпты. Сол кездерде ауылда спортпен айналыспайтын ер балалар кемде-кем еді ғой. Азуы қайралып келе жатқан бөлігіртердің арасында дараланған бозбала 1975 жылы Қарағандыдағы спорт мектебінің еркін күрес сыныбына оқуға түскен. Содан бері осы шаһарда. Спорт мектебінің іргетасын қалап, қабырғасын тұрғызған Бағдаулет Урбисиновтың да көзін көрген екен. Туған күн иесі бозбала шағында шарапатын тигізген жақсы-жайсаңдарды әлі күнге дейін сағынып еске алады.

Лек-легімен чемпиондарды шығарған спорт мектебінің тарихы осы Бағдаулет Урбисиновпен тығыз байланысты. Ғажап адам еді. Өте іскер, адамның көңілін қас-қабағынан ұғатын нағыз азамат болды. Сол кездердегі бапкерлердің де биік тұлғасы әлі көз алдыда. Солардың шарапатын көп көрдім. Өмірдің ақ жолына қарай бағыттады, – дейді Жұмабай балуан.

Біздер КСРО уақытында чемпион болу, спорттық атақ алу – қиынның қиыны болды дегенді естіп жүреміз. Солай болуы да заңды, әрине. Өйткені, мыңдаған үміткердің арасынан үздік болып шығуың керек. Тұғыр биігінен кім көрінгісі келмейді?! Жұмабай Жандығұлов студент кезінде-ақ КСРО Спорт шебері атағын алған. Нақтырақ айтсақ, 1982 жылы.

– Кеңес үкіметі кезінде Спорт шебері атану оңай емес еді. Алғаннан кейін сол атаққа лай-

ық екеніңді дәлелдеуің тиіс. Сол сының бәрінен өттік, – дейді өз естелігінде Жұмабай балуан.

Жұмабай Жандығұлов Одақ бойынша студенттер арасында бірнеше рет топ жарған. Отан алдындағы борышын өтеп жүрген кезінде де сарбаздар арасында еркін күрестен талай жүлдені қаи-жығалаған. Бүкілодақтық бәсе-келерде талай мәрте топ жарып, жеңіс тұғырына көтерілді. Ел ішіндегі додалардың барлығында дерлік жеңімпаз болған. Қатарынан екі жыл Орта Азия кубогін иеленген (1984, 1985 жыл). Моңғолияда өткен халықаралық турнирде ауыр жаракат алыпты. Содан кейін үлкен спорттан ақырындап жырақтай бастағанын айтады балуан.

– Моңғолиядан келгеннен кейін жұлындымды жаракаттап алдым. Шамамен 25-26 жастамын, кателеспесем. Балуандардың күш-қайраты осы 25 пен 30 жас арасында өбден толығады. Дер шағымда жаракат жолымды байлады да тастады. Негізі, өмірде бір жетістікке жету үшін шыдамдылық керек-ақ. Қазіргі спортшыларға сол жетіспейді. Сәтсіздікке ұшыраса болды, қолды сілтпеп кететіндер аз емес. Ер жігітке әуелі шыдамдылық қажет, – дейді даңқты спортшы.

Жұмабай Жандығұлов 2004-2008 жылдар аралығында еркін күрестен облыстың аға жаттықтырушысы қызметін атқарған. Өзінің бар билген, түйгенін шәкірттеріне үйреткен. Қазақстанның абыройын аспандатар қырдарды баптаған. Үмітін ақтап, халықаралық аренада жасындай жарқыраған шәкірттері де аз емес. Спортқа жүргенінің төрінен орын берген азамат бүгінде қол қырып отырған жоқ. Ақыл, жөн сұрап келген жас толқынға санасына бекіген өмірлік тәжірибесін, пайымын айтып, шама-шарқы келгенше жол нұсқап жүр екен.

Суретті түсірген автор

Егінді әртараптандыру өзекті

Халқымызда «Шегірткен қорыққан егін екпес» деген ұтымды сөзі бар. Күні кеше Осакаров ауданында «Ауыл» партиясы облыс фермерлеріне арнап, «Егістікті майлы, дәнді-бұршақты және жем-шөп дақылдарымен әртараптандырудың өзектілігі» тақырыбында мәнді семинар өткізді.

Шараға «Ауыл» ХДПП төрағасының орынбасары Қайрат Айтуғанов, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Егіншілік департаментінің директоры Мұрат Іргебаев, облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов, ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Саят Мусин, Осакаров ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов, ауыл шаруашылығы өнімдері мен құрал-жабдықтарын өндіруші компаниялардың өкілдері, облыс фермерлері қатысты.

Жиылған жұрт алдымен мәдениет үйі фойесінде ұйымдастырған отандық тұқым өндірушілердің, минералды тыңайтқыштар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын жеткізушілердің селекциялық жетістіктері көрмесімен танысты. Осылайша өндірушілермен тікелей байланысқа мүмкіндік алды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында фермерлерді отандық тұқыммен қамтамасыз ету, жана сорттарды шығару және өсірумен айналысу туралы атап өтті. Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келгенін еске салып, егіс түрлерін көбейтуіміз қажеттігін қадап айтты. Аталған шараның да астықты алқап Осакаров ауданында өтуі де тегін емес. Өйткені, облыстағы егісті аудан – осы. Былтыр ауыл шаруашылығы үшін өте қолайсыз жыл болғанына қарамастан облыс шаруашылықтары 679 мың тонна дәнді дақыл, 364 мың тонна картоп, 78 мың тонна көкөніс жинаған. Ол ішкі нарықты қамтамасыз ету үшін жеткілікті көрсеткіш.

Бауыржан Асанов: – Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі әртараптандыру, ең алдымен, өндірілетін өнім түрін жаңа және дәстүрлі ауыл шаруашылығы дақылдары негізінде кеңейтумен байланысты. «Ауыл» партиясының бүгін ұйымдастырған семинар-кеңесі осы мәселені қарастырады, озық тәжірибені зерделеу, қорыту және тарту, сондай-ақ,

отандық тұқым шаруашылығы проблемаларын шешу жолдарын іздеуді мақсат тұтады, – деді.

Қайрат Айтуғанов партиясының жұмыстарына шолу жасап, жұмыла көтерген жүктің жеңіл болатынына тоқталса, Мұрат Іргебаев өз сөзінде өте өзекті мәсе-



лені дер кезінде көтерген «Ауыл» партиясына алғыс айтты.

– Бірер жылдың көлемі болды, елімізде бидайдың бағасы түсіп жатыр. Жағдай оңай емес. Ел фермерлерінің арасында барды ұқсатып, өз тіршілігін жасап жатқандар жеткілікті. Олар ешкімге алақан жаймай, өз көсіптерін дөңгелентіп те келеді. Осы мәселелерді шешу үшін еліміз бойынша осындай семинарлар өткізіп жатырмыз. Арпа мен бидайдың жағдайы күрделенген шақта не екпек керек? Мысалы, майлы дақылдарға жататын өнімдер, бұршақ дақылы, көпжылдық шөп, біржылдық шөппен алмастырмақ ойымыз бар. Сондықтан, шаруашылықтардың мүмкіндігін қарай біртіндеп, осыларды жергілікті топыраққа сіңіру керек, – деді Қайрат Айтуғанов.

Сондай-ақ, семинарда «А.И.

Бараев атындағы АШ ҒӨО» ЖШС Басқарма төрағасы Т.Савин «Майлы және дәнді-бұршақты дақылдарды өсірудің өзектілігі», атаған серіктестіктің майлы және дәнді-бұршақты дақылдарды селекциялау бөлімі менгерушісі И. Ошерина «Майлы және дәнді-бұршақты дақылдарды өсіру технологиясы» туралы баяндады. Көпжылдық шөптер бөлімінің менгерушісі Н. Филиппова «Біржылдық және көпжылдық шөп өсіру тәжірибесі», ШҚО



Реформа – өміршең өзгерістер

лыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы С.Мусин өңірдің көктемгі дала жұмыстарына дайындығына тоқталды. Осакаров ауданының әкімі Р.Нұрмұханбетов аудандағы өсімдік шаруашылығы, Қазақстан фермерлер Одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, «Шанс» шаруа қожалығының басшысы И.Жабяқ облыс ауыл шаруашылығының ағымдағы

жағдайы туралы айтты. – Облыс егістіктерін әртараптандыру бойынша биыл бидай алқабы 8 мың гектарға, арпа алқабы 12 мың гектарға азаяды. Бұл ретте жоғары рентабельді басым дақылдардың алқабын ұлғайтамыз. Атап айтқанда, майлы дақылдар алқабы 27,3 мың гектарға, мал азығы алқабын 9600 гектарға ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Бүгінгі таңда облысымызда 37 741 бірлік ауыл шаруашылығы техника жабдықтары бар, – деді Саят Мусин.

Қатысушылар семинар барысында бірқатар мәселе бойынша сұрақтар қойып, тиісінше жауап алды. Шара ауыл шаруашылығы ардагерлерін, еңбеккерлерді маараптаумен түйінделді.

Әділет ШОПЕН

Сурет ұйымдастырушылардан

Тең қоғам, тең мүмкіндік

Мемлекетімізде ешбір адам, соның ішінде мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандар да назардан тыс, қамқорлықсыз қалмайды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та Қазақстан халқына Жолдауында бұл жөнінде: «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндіктер жасауға міндеттіміз» деп атап көрсеткен болатын.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Міне, «Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ жұмысының негізгі бағыттарының бірі де осы болып табылады.

– Біздің Абай ауданында бүгінде мүгедектігі бар 2797 адам тұрса, солардың 266-сы бірінші, 975-і екінші, 1276-сы үшінші топтағылар да, 210-ы 18 жасқа дейінгі кемтар балалар, – дейді аталған бөлімнің басшысы Айгүл Төлеутайқызы Сейфуллина. – Олардың өмір сапасын жақсарту үшін мүгедектік тобын белгілеген кезден бастап абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік бөлігін әзірлеп жасаймыз.

Айгүл Төлеутайқызының айтуынша, сол бағдарлама бойынша жыл басынан бері бұлардың бөліміне 1302 адам оңалту құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етілуге тіркелсе, содан 829 адамның (63,7 пайыз) адамның өтініш тілегі қанағаттандырылыпты. Атап айтқанда, 60 адам протездік-ортопедиялық көмек алып, 2 адамға құлаққап, 27 адамға көздің тифтологиялық құралы алынды. 26 адамға кресло-арба мемлекет есебінен сатып әперіліп, санаториялық-курорттық емдеуге 19 адам жіберілді. 120 адамға жеке жәрдем жасалып, маман қызметін 28 мылқау пайдаланып, 588 адам міндетті гигиеналық құралдар-

мен жабдықталған.

Енді биылдан бастап, санаторийге баратын және жалғыздікті мүгедек жандарға еріп, жолсерік болатындарға жолақысының 70 пайызын үкімет төлейді. Сондай-ақ, Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде үйде әлеуметтік көмек көрсететін 5 бөлімше жұмыс істеп, олар 333 жалғызбасты қарт пен мүгедекті, 62 кембағал баланы қамқорлығы мен қанытының астына алған.

Абай ауданында 2019 жылдан бері мүгедектерге такси қызметі көрсетіледі. Оны жеке көмекші бекітілген I-топтағы мүгедектер мен арбаға танылған жандар (балалар да) пайдаланады. Сол сияқты бұл такси қызметі қозғалуы қиын, психиатрде есепте тұрған, аутистикалық спектрі зақымданған, психоневрологиялық ауруы бар балаларға да ұсынылады. Осы I наурыздан бастап Абай ауданында бұл қызметті «Әлеуметтік қызмет орталығы» ҚБ атқаруға кіріскен.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде ағымдағы жылы «Тең Қоғам» Әлеуметтік бейімдеу орталығын ашу да жоспарда екен.

Аудандағы мүгедектердің 7 қоғамдық бірлестігі бұлармен және денсаулық сақтау органдарымен белсенді жұмыс істеп, қажетінше көмек-қолдауын көрсетіп тұратын көрінеді. Нәтижесінде мүгедектердің жұмысқа орналасу мәселесі де шешімін

табады. Мәселен, аудандық Мансап орталығына өтініш білдірген осы санаттағы 36 адамның 15-і езіне лайық жұмыс тапқан. Соның ішінде төртеуі тұрақты жұмысқа тұрып, алтауы қоғамдық жұмысқа, біреуі әлеуметтік жұмысқа, төртеуі «Күміс жас» бойынша жұмысқа тартылған.

Мүгедектігі бар 5 адам «Бастау-бизнес» жобасы бойынша оқытылып, олар бұдан кейін өз бизнес-жоспарларын жасап, мемлекеттік грант алу конкурсына қатысуды жоспарлауда.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылдың 29 тамызындағы «Мүгедектігі бар адамдарды еңбекке орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастырудың Ережелерін бекіту туралы» 266 санды бұйрығына сәйкес, 2024 жылы қаржыландырудың 1525,0 мың теңге жалпы сомасына мүгедектігі бар 3 адамға арналған жұмыс орындарын құру көзделген.

Қазіргі таңда «Қаранар» жуу кешені тарапынан есту қабілетінен айырылған мүгедектер үшін субсидияланатын 2 арнайы жұмыс орыны ұйымдастыруға 1 өтінім түскен. Бұлар – автожуушы мен жүкші.

Соған байланысты, 2024 жылдың 5 наурызында жұмыс орыны қамдап, сайлау мақсатында 400 мың теңгенің жабдыктарын сатып алудың шығындар сметасы бекітілген. Осыдан кей-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

ін 12 наурызда арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін Қарағанды облысы бойынша Еңбек мобильділігі орталығы мен «Қаранар» жуу кешені арасында 7/1–24 санды келісім-шартқа қол қойылыпты. Есту орталығына жұмыс орыны ұйымдастыру үшін жабдықтар сатып алуға өтінім түсіріліп, олар енді келеді деп күтілуде.

Жабдықтар сатып алынғаннан кейін есту қабілетінен айырылып, Абай ауданының Мансап орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген III-топтағы мүгедектер Р.Дьячук пен С.Садығанов «Қаранар» жуу кешеніне жұмысқа тұратын болады.

Бұл істі өрістетуде бағытында биылғы 16 ақпанда Абай ауданының Мансап орталығында Ашық есік күні, 22 ақпанда Абай қаласының Мәдениет үйінде «Бос орындар жұрменкесі» өткізіліп, оларға жұмыс берушілер мен жұмыссыз мүгедектер, пробация қызметі есебінде тұрғандар, жазасын өтеп, бостандыққа шыққандар мен алименттен берешегі бар адамдар шақырылған.

Мүгедектерді жұмыспен қамту мен орналастыру үнемі бақылауда. Ал, негізі бұл шаралардың барлығы да бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылып отыр. Өйткені мемлекетімізде мүгедектер мүддесі қашанда маңызды. Оны ешкім аяқасты ете алмайды.

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны
43-21-55

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru



Самарқанның көк тасын жыр жібітіп...

С.Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының үлкен сахнасында ғұлама ғалым Қ.Сәтбаевтың 125 және Қарағанды қаласының торқалы 90 жылдығына арналған «Армысың, эз Наурыз!» атты облыстық жас ақындар айтысы шаһар халқы мен мейманын дүбірге бөледі. Максұды – халықтың жауһар мұрасын әдіптеп, ел тұлғалары мен шежірелі шаһардың тағылым тарихын жыр жолдарымен паш ету. Өңірдегі жас жүйріктердің аяқ алысын бағамдау.

ті дүниелерді өзінше тәсірлейді деген сенімдемін, – деді айтыскер ақын, облыстық мәслихат депутаты, айтыс тізгіншісі, әдебиетші ғалым, «Арқа» ақындар мен жыршы-жыраулар мектебінің басшысы Айтбай Жұмағұл.



• АКЦИЯ

Жас аналарға – «Наурыз-базарлық»

Наурыз мейрамын мерекелеу онкүндігінің аясында Қазақстан халқы Ассамблеясының аймақтағы мүшелері перинаталдық орталықтарға барып, жас аналарға сыйлықтар табыс етті.

Жаная ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара ұйымдастырушылары облыстық клиникалық аурухананың №1, №2 перинаталдық орталықтарында, аймақтық акушерлік-гинекологиялық орталыққа барды. Әр орталықтан жас босанған аналарды құттықтады. «Наурыз-базарлық» акциясы аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің атынан төртінші, алтыншы рет ана атанған нәзік жандарға естелік сыйлықтар мен гүл ұсынды.

Зәмзәгул Сағынаева алтыншы баласын жақында босанған. Көпбалалы ана алғыс айтты.



Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жыл сайынғы игі дәстүрге айналып кеткен бұл жыр додасына облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы жан-жақты қолдау білдірді. Ал, ұйымдастыру міндетін облыстық мәдени-сауық және халық шығармашылығын ғылыми-әдістемелік орталығы мен «Арқа» айтыс ақындары мен жыршы-термешілер мектебі атқарды.

Атаулы сөз сайысына елге кеңінен танылып үлгерген Арқа өңірінің әр тарабынан келген Нұрмұхаммед Байсүгіров, Мұхтар Әділов, Доскей Ботбай, Еркеғали Бекболат, Нұрсұлтан Ырымбай, Думан Саматұлы, Төрехан Сәбет, Нұрлыбек Төкен, Ергали Әлихан, Жанарыс Тілеубек, Бекарыс Оспанов, Қайрат Рысмағанбет, Сырым Нығызбаев, Жандос Бақытұлы бастаған 14 ақын шықты сахнаға.

Қазылар алқасының құрамында ақын, филология ғылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асан, қазақ ән өнерінің дүлдүлі, «Құрмет» орденінің иегері Сержан Мұсайын, ғалым-ұстаз Саржан Такиров, көрнекті публицист, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабек, ақтангер ақын, жыршы-жырау Дидар Қамиев сынды ел жақсылары енді.

Алғашқы болып сөз алған облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын залға жиылған жұртты Ұлыстың ұлы күнімен құттықтады.

– Кезіндегі кеңес заманында біраз дүниемізден қол үздік. Уағында еркімізді алса да, еңсеміз түскен жоқ! Еншімізді алса да, Егемендігімізді жоғалтқан жоқпыз. Өшкеніміз қайта жанып, өлгеніміз қайта тірілді. Осындай асыл қазынамыздың бірі – осы айтыс өнері. Құндылықтарымызбен қайта қауыштық. Өзбекәлі Жәнібековтей арыс азаматымыздың қайраткерлігінің арқасында Наурыз өз деңгейінде тойлана бастады. Енді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұған терең мағына үстеді. Биыл эз Наурыз жанаша мәнге ие болды. Алыстың жақындайтын, араздың татуласатын ерек күндері бұл. Жалпыхалықтық сипатқа ие болып жатқан тағылымы терең, дәстүрі дестелі Ұлт мерекесі баянды болсын! Ақындар алқынбасын! – деп серпіле сөйледі Ерлан Бейсембайұлы.

Айтулы жыр мерекесіне Қазақстан өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, «Тарлан» сыйлығының, «Құрмет», «Парасат», Ресейдің «Достық», Польшаның «Поляк мәдениетіне сіңірген еңбегі үшін» ордендері мен медальдарының иегері, Қарағанды облысының Құрметті азаматы, профессор Дүйсен Қасейінов Түркиядан арнайы ат басын тіреді.

– Айтыстан күтеріміз көп. Өздеріңізге белгілі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атыраудың төріндегі Ұлттық Құрылтайда бірқатар келелі мәселелер мен бастамаларды алға тартты. Тіісінше тапсырма берді. Ақындар бұл елдік өзек-

Ақандай ақындар ел бірлігі, Ұлыстың ұлы күні, қоғамдағы кейбір келеңсіз жайттарды жырға қосып, көрермен жұртты эз Наурызда татулық пен тұтастыққа үндеді. Әлемге аты мәшһүр ғалым Қ.Сәтбаев есімін ұлықтады. Шалқар шабытын шартарапқа сөз ғып төккен жыр жайнактары «Қазақтың туған күні қашан десең, Қаныштың туған күнін айтар едім!», «Асулардан асуларға, ғасырлардан ғасырларға, жасай бер, Қарағанды!», «Рамазан – қу нәпсіні жеңетін ай» деген оқшау ойлар айта білді, орынды мәселе көтере алды. Жас шайырлар аузымен құс тістеп, от бүркіп, тағылымды тіркес пен көрерменіне көркем көңіл күй сыйлады.

Қасиетті Рамазан айымен қатар келген Ұлыстың ұлы күнінде ақындар нәр таптай өнер көрсетті.

Наурыз айтыс біздерді өсірді ғой, Көз салсам балғын бала кездеріме. «Менің халқым менен де биік» деген, Қаныштың ой жүгіртсек сөздеріне! Уа, халқым мен де сенен төмен тұрам, Жұлдыз боп көрінгенмен көздеріңе. Сахнаның үстінде сөйлегенмен, Басым әркез июлі өздеріңе! – Еркеғали ақын жыр жолдарын елге бір бағыттап, қарсыласы Нұрмұхаммедке «ағалығыңыз бар, бата беріңіз» деп қайырылады. Сонда Нұрмұхаммед ақын:

Бұйырса Еркеғали жолың болар, Дүниеге кеп кетті небір қонақ. Ал, енді бірер минут күте тұрғын, Қазылар жатқан да бір әмір болар.

Ниятің түзу болса, ең бастысы, Көркем мінез өзінде сабыр болар. Батаны ауызашарда берейінші, Дұға-тілек сол кезде қабыл болар! – деп әдемі жауап қайырды.

«Айтыс – сөз барымтасы» деп заңғар Мұхтар Әуезов айтып кеткендей, сөз сайысында аталған шайырлардың бәрі де тыңнан тіркес, өрнекті сөз тастады ортаға.

Ақтық сынға оза шапқан төрт ақынның сонадайдан төбесі көрінді. Сонымен, үшінші орынды Жандос Бақытұлы мен Нұрсұлтан Ырымбай, екінші орынды Сырым Бейсембек пен Нұрмұхаммед Байсүгіров қанжығаласа, бірінші орын тұғырынан Думан Сымбаттай жырдың жас перісі көрінді. Ал, жұлде қоры 500 мың теңгені құраған бас бөйгені айтыстың қос айналымында да шашасына шаң жұқтырмаған дарынды жас шайыр Еркеғали Бекболат еншіледі.

Әлкисса, Арқаның ақеділ халқының көңілін серпілтіп, маңайын жырмен көмкерген бұл айтыста қазылар тарапынан «балсыз бағамдайық» деген соны ұсынысымен хәм ақындардың ауызашар уақытына дейін емін-еркін көсілгенімен ерекшеленді. Ақындар арындады, жұртшылық жалынды. Осымен жиырма бірінші жыл қатарынан өтіп жатқан облыстық айтыс өз деңгейінде ел ішіндегі демократиялық құндылықтардың іркілмей өрістеуіне игі әсер етті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



– Наурыз айы барлық қазақстандықтар үшін маңызды деп ойлаймын. Ұлыстың ұлы күні қарсаңында тамаша сыйлық болды, – дейді ол.

Виталий Хмелевский Қарағанды облыстық «Полония» поляк қоғамының төрағасы «Отбасы құндылығы – барлығымыз үшін қастерлі», – дейді.

– Ол – қоғамның іргетасы. Келе жатқан мереке құтты болсын! Әр шаңыраққа жақсылық, береке тілеймін. Балаларымыз Қазақстан Республикасының айбынды, дені сау, ақылды азаматы болып өссін, – деді Виталий Альбертович.

Сурет ұйымдастырушылардан

Дәстүрді дәріптеген көрме

Наурызана онкүндігі аясындағы Қайырымдылық күнінде Қарағанды облыстық бейнелеу өнері музейінде көрме-жәрмеңкесі өтті. Этно киім, ұлттық бас киім, әшекейлер, ою-өрнекті ыдыс-аяқтар топтастырылған «Қолөнер – рухани жан серігі» көрмесі Шет, Осакаров, Абай және Қарқаралы аудандарының шеберлерін жинады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Наурыз мерекесінде көрме үнемі жұмыс істейді. Қарағандылықтар және қала қонақтары көрмені тамашалап, ұнаған бұйымдарын сатып алады. Бізде 40-тан астам жәдігер және ұлттық нақышта безендірілген киіз үй бар.

19 наурызға «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем» мерекелік іс-шарасы жоспарланған. Қамшы істеу бойынша шеберлік сағатын Үштөбеден келген колөнерші Жасұлан Қауапов өткізеді, – деді мұражай директорының орынбасары Мейрамгүл Елубаева.

Шебер Гүлжан Әбдіқашеваның қыштан жасалған әсем бұйымдары көздің жауын алды. Түрік өнер мектебінде үздік шеберлермен бірге оқыған ол 8 жыл бойы колөнермен айналысады.

– Түркияда ересек шеберлерге арналған өнер мектебінде оқыдым. Бдысты түрік технологиясы бойынша, бірақ, қазақ стилінде жасаймын. Қазір жергілікті дала сазын және түрік материалдарын қолданамын. Өнімдерім екі рет өңдеуден өтеді, барлық нормаларды сақтаймын. Өнімдер – өте берік және экологиялық таза.

Бдыс-аяқтан басқа зергерлік сырға, сақина, алқа, білезік, моншақтар істеймін. Жұмыстарым халықаралық фестивальдерге, Франция мен Люксембург көрмелеріне қойылды. Қазір керамикаға сұраныс басым, бұл бағытты тек дамыту қажет, – деді Қазақстан Колөнершілер одағының

мүшесі Гүлжан Әбдіқашева.

Жәрмеңкеге жиналған қарағандылықтар көрмеде дизайнер Әсем Серғалиқызының этно-стильдегі кимдерден тігілген «Анса Дәстөр» брендин тамашалады. Музей қызметкері Айгүл Әбдірашқызының орындауындағы «Наурыз көктем»



әні көрменің көркін кіргізді.

– Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды» деген болатын. Ұлттың бар болмысын, тілі мен дінін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, бойына дарытатын – әйел-ана. Сондықтан, ертеңгі ана, бүгінгі қыздарымыз дәстүрге сүйеніп, уақыт талабына сай тәрбиелеу – ата-ананың ғана емес, қоғамның міндеті. Наурыздың онкүндігіндегі аналар қауымы жиналып, көрікті көрме-шірке қайырымдылыққа арнады. «Қайырым жасаң – қайырын өзің көресің» дегендей, ел игілігі жолында қызмет атқарудан шаршамаймыз, – деді «Жәдігер» колөнершілер қоғамдық бірлестігінің бас-

шысы Перизат Құлымбетова.

Көрме-жәрмеңкеге Абай ауданынан келген 56 жастағы Балдырған Қаби ұлттық киім тігумен айналысады.

– Қолөнермен бала кезімнен айналысамын. Әкем колөнерші болған. Тақия, шашбау, сыпыра, жилет, ұлттық ою-өрнегі бар мектеп формасы, аналар мен балаларға арналған сырға мен көйлектер тігемін. Басында тек отбасым үшін, кейін туыстарым үшін тігетін едім. Екі жыл бұрын қарағандылық колөнершілер тобына қосылдым. Әлеуметтік желілерде жарнама жасап, тапсырыс аламын. Тұтынушылар киімдерімнің сапалы екенін айтады, – деді Балдырған Қаби.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-1370
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJZKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 32 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**